

ӘОЖ 331.361

М. Т. Сихымбаева

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің І курс магистранты,
Шымкент қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п. ғ. к. доцент О. М. Досжанов
e-mail: ailana_2000012@mail.ru

Білім алушылардың кәсіби шеберліктерін шындау

Ғылыми мақалада жеке тұлғаның кәсіби шеберлігін арттырудағы ұжымның ықпалы, кәсіби дайындығы, білім мен біліктері, кәсіптің дұрыс бағытта жүруі тек іскерлік қызмет арқылы жүзеге асатындығы туралы баяндалған. Бұл тұстағы кәсіби шеберлікке жеке міндеттерді өз бетімен шеше білу қабілеті, оның берілген белгілі бір нұсқауларға жалтақтамай, өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, кез келген қиын жағдайлардан жол таба алумен байланыстылығы, сонымен қатар өзіндік білімін жетілдіру, ұдайы ізденісте болу кәсібінің бір бөлігі айтылған.

Кәсіби шеберліктің негізгі белгілері: кәсіптік білім, біліктілік, дағды, кәсіптік қабілет. Бүгінгі талапқа сай өз ісінің жетік меңгерген, еңбекқорлығымен, ұстамдық қабілетімен техниканы меңгереді десек те болады. Тек жаңашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс кәсіби шеберді өз ісінің биік шыңына жетелейді. Әрбір іс-әрекет барлығында бірдей нәтижелі болмайды. Нәтижелі болуы оның сол іс-әрекетінің тиімді жолын, әдісін табу керек.

Түйін сөздер: шеберлік, кәсіби шеберлік, кәсіпкердің қызметі, жеке тұлға.

М. Т. Сихымбаева

Совершенствование профессионального мастерства обучаемых

В научной статье говорится о влиянии коллектива на повышение профессионального совершенствования личности, профессиональной готовности, о знаниях, о том, что правильность направления профессии создается благодаря службе. В связи с этим сказано, что профессионализм выражается в умении самостоятельно выполнять обязанности, не опираясь на имеющиеся примеры, а опираясь на свой опыт, находя пути из любых сложных ситуаций. А также самостоятельное совершенствование знаний и нахождение в постоянном поиске являются одними из частей профессии.

Значение изменения профессиональной работы личности состоит не в исполнении главных профессиональных условий, а в умении совместить рабочий процесс с профессией. Основные понятия профессионального мастерства: профессиональное образование, квалификация, профессиональные навыки. Можно сказать это профессионал, знающий свое дело, отличающийся трудолюбием, способный работать с техникой. И только стремление к новому, профессиональное совершенствование могут привести человека к вершине своего дела.

Не все наши действия приносят одинаковый результат. Результат зависит от нахождения оптимального пути.

Ключевые слова: мастерство, профессиональное мастерство, должность, индивид.

М. Т. Сихымбаева

Perfection of professional mastery of student

In the scientific article is spoken about influence of collective on improvements of professional knowledge vocational trainings, knowledge and abilities, the industry embodiment in the correct direction only for working aims.

In this professional activity said about ability to solve the duties, without noticing certain instructions, relying on the experience, finding the way in any situations. Moreover improving the knowledge, always to be in search of knowledge is a part of his work.

Suitable change in work of the person that is not the main thing to follow working instructions, but ability to connect with work to reach expected results.

Confirming to present requirements knowing perfectly the work, diligence, restraint it is possible to learn, the equipments. Aspirating to novelty continues search of knowledge, the professional will aspire to top. Each action is not always productive. Productivity is finding of methods and it is favorable decision.

Key words: skills, professional skills, entrepreneurial work, private individual.

Шеберлік – кәсіби немесе әуесқойлық білім-білік дағдыларын қандай да бір түрде істі терең түсініп, дамыған іскерлікпен үйлестіріп тиімді әрекеттерді жүзеге асырушылық.

Шеберлік жұмысқа, іс-әрекетке байланысты: белгілі бір көзқарас бойынша жұмыспен қойылатын талап сапалары; іс-әрекеттің еркіндік деңгейі, жұмыс қалай іске асып жатыр екенін бақылау; оны зерттеуге жұмсалатын уақыт; тәжірибе мен білім деңгейі;

Шеберлік адамға қатысты: білім барысында және тәжірибе іс-әрекетінде ашылатын адамның қабілеттілігі;

Шеберлік әлеуметтік құрылыста: әдеттер мен тәжірибе, кәсіподақтар келіссөзі, еңбекті реттеуге байланысты еңбектің немесе жұмыс-бастылықтың кейбір түрлеріне басылатын таңба. Мұның бәрі ақы мен статустың жіктелген нормаларын шақырады. Әдетте істің ресми біліктілігінде бейнеленеді: «білікті», «жартылай білікті», «төмен білікті»;

Шеберлік кең әлеуметтік мағынада: әлеуметтік факторлардың ең жалпы қабілеттіліктері мен күзінеттілігі, яғни әлеуметтік өмірге араласу әрқашан «білікті орындау» болып табылады.

Педагогика саласындағы шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог - өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

Кез келген жеке тұлғаның кәсіби шеберлігін арттырудағы бірлестіктің ықпалы, кәсіби дайындығы, білім мен біліктері, кәсіптің дұрыс бағытта жүруі тек іскерлік қызмет арқылы жүзеге асады. Мұндағы кәсіби шеберліктің міндеттерді өз бетімен шеше білу қабілеті, оның берілген нұсқауларға жалтақтамай, өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, кез-келген қиын жағдайлардан жол таба алумен байланысты. Сонымен қатар өзіндік білімін жетілдіру, ұдайы ізденісте болу кәсібінің бір бөлігі.

Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «кәсіби шебер» адамға деген сұраныстың көп екенін қазіргі өмір

талабы дәлелдеп отыр. Бүгінге дейін негізінен кәсіби шеберлердің кәсіптік жұмысы сараланып қана келсе, енді осы бір қатаң түсінік түбегейлі өзгеріске ұшырап, мамандық кешенді түрде бағаланбақ..

Акмеология – кәсіби шеберлік шыңына жетудің жолдары, оның заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Бұл адамтану саласында жаңадан дамып келе жатқан жас ғылым саласы. Ол «акме» деген латын сөзінен алынған «шың» деген мағынаны білдіреді.

Бұл саланың зерттеу нысанасы:

- ересек адамдардың өз бетінше даму заңдылықтары;

- кәсіби шыңға ұя, белгілі бір табысқа жету факторлары;

- өзін-өзі тәрбиелеуге, білім беруге және бақылай білуіне үйретуге қызықтыру;

- кәсіби шеберлік шыңына жету үшін ересек адамдардағы түзету, жетілдіру және қайта құра алатын қасиеттерді тиімді пайдалана білу;

Акмеологияның негізгі зерттеу нысаны – ол ересек адамдарға өз кәсібін ғұмыр бойы жетілдіру бағытталған мәселелері. Демек, акмеология ғылымы ересек адамдарды кәсіби оқытуға басқару мәселелерін, оның жас ерекшелігіне әсерін, қызығушылығын, оның өз бетінше жетілдіру, шығармашылық қабілетін кәсіби қызметінің шарықтау шегіне дейін жеткізетін саланы зерттейтін ғылым болды. Нағыз кәсіби шебер өзін-өзі дамытып отыратын тұлға.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман иесі – уақыт талабы. «Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, кәсіби шеберліктің негізі – білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – кәсіби шеберліктің жаңа технологиясын меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Кәсіби көзқарас бойынша, «технология» ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «кәсіби шеберлік» деген пікір өз уақытында кәсіби-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осыдан шығарар қорытынды: әрбір кәсіби шебер мамандығын тандап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе кәсіби шебер жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Дайындау барысында білім алушылардың педагогикалық іс-тәжірибесінің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдама-

сында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» - делінген. Елбасы қол қойған мемлекеттік білім бағдарламасында жоғары білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу жан-жақты айқындалған. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден, педагогтың кәсіби білімін арттыру, екіншіден, жоғары оқу орындары білім алушыларға қойылатын талаптарды күшейту басты назарда болуы тиіс. Сондықтан педагогикалық білімі бар маманның кәсіптік-педагогикалық шеберліктерін шыңдаудың педагогикалық шарттары, заңдылықтарын және ерекшеліктерін зерттеу айырықша мәнге ие.

Педагогикалық іс-тәжірибе кәсіптік оқыту педагогының кәсіби даярлығы жүйесінде мынадай маңызды қызметтер атқарады: оқытушылық; дамытушылық; тәрбиелік; диагностикалық. Осыған орай кәсіптік мектептегі педагогикалық іс-тәжірибе университеттегі теориялық оқыту мен білім алушылардың оқу-тәрбие мекемелеріндегі өзіндік жұмысы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Білім алушыларды алғашқы, әрі өте құнды педагогикалық іс-тәжірибемен қаруландырады, теориялық білімдерді бекіту мен тереңдету құралы ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жеке тұлғасын тәрбиелеуші ретінде қалыптастырудың жаңа тәсілінің дәріптелуін, кәсіптік-педагогикалық білім берудің заман талабына сай жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуін, тұлғаның қоғам дамуының белгілі бір деңгейге жетуін талап етеді. Осы мәселелердің іске асуы жоғары оқу орындарында, кәсіптік мектептерде педагогикалық іс-тәжірибені өткізудің дұрыс жолға қойылуына тәуелді.

Кәсіби шеберлік туралы зерттеу мәселесі теориялық тұрғыда ойластырылып және кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау мәселелері қазіргі таңдағы маңызды мәселе болып отыр.

Кәсіби шеберлікті шыңдауда педагогикалық іс-тәжірибенің жалпы тұжырымдамасы

төмендегідей: а) тұлғаның кәсіби қалыптастыруындағы іс-тәжірибенің ролін анықтайтын қазіргі философиялық зерттеулерді талдау арқылы; ә) педагогикалық іс-тәжірибе жөніндегі жетекші психологиялық-педагогикалық зерттеулерді зерделеу және жүйелеу арқылы; б) педагогикалық іс-тәжірибе кешенді тапсырмалар негізінде құрылымдау жолымен; в) тұтастай педагогикалық процесті қамтамасыз ететін педагогикалық мәселелердің жүйесін шешуге бағытталған, қисынды байланысқан іс-әрекеттердің жиынтығы ретіндегі кешенді тапсырмалар моделін жасау арқылы. Кәсіптік мектептің оқу-тәрбие процесінің қарапайым элементтерін игеретін педагогикалық мәселелерді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен жалпы қағидалары анықталды.

Кәсіптік оқыту педагогы өз іс-әрекетінің мәнін терең түсінбей, қоғамдық-саяси, арнаулы ғылыми, психологиялық-педагогикалық білімдер жүйесін игермей, сондай-ақ теориялық білімдерін, практикалық мәселелерді шешу кезінде шығармашылықпен қолдану іскерлігінсіз жүзеге асыра алмайды. Педагогикалық іс-тәжірибе болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттің алғашқы және аса құнды тәжірибесімен қаруландырады, білім алушылардың педагогикалық іс-әрекетке кәсіптік жұмысқа дейін-ақ даярлығының көрсеткіш қызметін атқарады. Мұның бәрі білім алушының педагогикалық іс-тәжірибені жетілдіру мәселесінің теориялық және практикалық мәнділігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық іс-тәжірибені табысты өткізу үшін, білім алушылардың кәсіби білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды саналы игеруге шығармашылықпен және үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігіне көздерін жеткізіп, педагогикалық практиканы өз бетімен орындайтын педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастыру керек.

Жеке тұлға іс-әрекетінің өзгертушілік сипаты жөніндегі, практиканың ролі жөніндегі, оның басым мәні және теориямен байланысы жөніндегі ілімдерге сүйенеді; іс-тәжірибе танымы шынайылығының, практикалық іс-әрекетке жетекшілік жасау қызметін атқаратын теория ақиқаттығының шешуші және жалғыз критерийі болып табылады деген принциптік әдіснамалық қағидаларына негізделеді.

Педагогикалық іс-тәжірибе мәселесінің қазіргі педагогикадағы жай-күйін талдау көп жағдайда педагогтардың кәсіптік даярлығын, шеберлігін жетілдіруге арналғандығын көрсетеді, атап айтқанда, педагогтар шеберлігінің

негізіне психологиялық-педагогикалық талдау жүргізілді; педагогикалық шеберліктің кәсіптік сипаттамасын зерттеу; педагогикалық практиканы ұйымдастыру зерделенуі; болашақ педагогтардың практика процесінде кәсіби-педагогикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың ерекшеліктері анықталуда.

Сонымен қатар педагогика ғылымында жинақталған теорияны оқып-үйрену, университет білім алушыларының педагогикалық іс-тәжірибесін ұйымдастырудың бастапқы деңгейін зерттеу, бізге білім алушылардың педагогикалық іс-тәжірибесінің тиімділігін қамтамасыз ететін келесі шарттарды анықтауға мүмкіндік берді:

- іс-тәжірибе барысындағы сабақтастық және білім алушылардың курстан курсқа өткендегі іс-әрекетінің көлемі мен мүмкіндігінің артуы;

- білім алушылардың іс-тәжірибе барысындағы нақты рөлі мен функцияларын анықтау;

- білім алушылардың іс-тәжірибенің алғашқы күндерінен-ақ оқу-тәрбие жұмысына белсенділігін арттыру шараларын ұйымдастыру;

- іс-тәжірибе бағдарламасына студент-практиканттардың оқушылармен өз бетінше тәрбие жұмысына жетекшілік етуге арналған тапсырмалар жиынтығын қосу;

- білім алушылардың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру деңгейіне байланысты дифференциалдық келіс;

- іс-тәжірибе бағдарламасына педагогикалық іс-тәжірибенің тиімділігін арттыру шарттарын енгізу. Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесінің тиімділігін арттыру тек шарттарды анықтауды ғана емес, сондай-ақ осы үрдіске педагогикалық жетекшіліктің ғылыми негізделген жолдарын да талап етеді. Осыған

орай біздің жұмысымызда білім алушыларды оқу-тәрбие іс-тәжірибесі кезеңінде оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жүйесі зерттеліп, өзірленді.

Жеке тұлғаның кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтижеге жету үшін жұмыс үрдісін белгілі бір кәсіппен үйлестіру. Кәсіби шеберліктің негізгі белгілері: кәсіптік білім, біліктілік, дағды, кәсіптік қабілет. Бүгінгі талапқа сай өз ісінің жетік меңгерген, еңбекқорлығымен, ұстамдық қабілетімен техниканы меңгереді десек те болады. Тек жаңашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс кәсіби шеберді өз ісінің биік шыңына жетелейді. Әрбір іс-әрекет барлығында бірдей нәтижелі болмайды. Нәтижелі болуы оның сол іс-әрекеттің тиімді жолын, әдісін табу керек. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер тұлғаның, жаңашыл кәсіби шебердің, зерттеуші мұғалімнің кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қаблетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлемдік өркениетке үмтылып, дүниеге іргелі ел ретінде танылып, тәуелсіздіктің тұғырын берік орнатып отырған Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы азаматтар тәриелеу міндеттері қойылған. Бұл міндет кәсіби шеберлікті меңгеруші жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді.

Әдебиеттер

1 Күнпейіс Ж. Технология пәнін оқытуда мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың негіздері // Монография. – Түркістан, 2011.

2 Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы, 1997.

3 Қазіргі заманғы мұғалім // Қазақстан мектебі. – 2003. – №6.

4 Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі // Білім әлемі. – Алматы, 2004. – №4.

References

1 Күнпейіс Ж. Tehnologiya pәnin oқытуда mектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың негіздері // Monografiya. – Tүrkistan, 2011.

2 Қоянбаев Р. Pedagogika. – Almaty, 1997.

3 Қазіргі заманғы мұғалім // Қазақстан мектебі. – 2003. – №6.

4 Мұғалімнің pedagogikalық шеберлігі // Bilim әlemi. – Almaty, 2004. – №4.